



Инфляциялық үрдістер


Сәуір 2021

- Азық-түлік инфляциясының одан әрі баяулауы
- Бензиннің қымбаттауы аясында азық-түлік емес инфляцияның жеделдеуі

2021 жылғы сәуірде инфляция 0,9%-ды құрады, жылдық мәнде 7,0% деңгейінде сақталды. Инфляция құрылымында көп бағытты тенденциялар тіркелген: өткен жылдың жоғары базалық факторы есебінен азық-түлік инфляциясының баяулауы және азық-түлік емес және қызмет көрсету компоненттерінің жеделдеуі. Азық-түлік тауарларына жылдық өсу қарқыны наурыз айындағы 10,7%-дан сәуір айында 9,8%-ға дейін баяулады.


Азық-түлік инфляциясының құрылымында жеміс-көкөніс өнімдеріне (9,5% -дан 5,7%-ға дейін), нан-тоқаш өнімдеріне (10%-дан 9,6%-ға дейін), ет өнімдеріне (8,0%-дан 7,3%-ға дейін), қантқа (30,2%-дан 25,6%-ға дейін) бағаның өсу қарқынының баяулауы байқалды. Май мен тоң майдың бағасы 25,4%-ға дейін өсті. Сонымен қатар, тамақ өнімдерін өндіру саласында жоғары өсу қарқыны байқалуда, атап айтқанда ет (сиыр еті, құс еті), күнбағыс майы, қант өнімдеріне.

1-график. Азық-түлік инфляциясы



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ


2-график. Азық-түлік инфляциясы



Азық-түлік емес жылдық инфляция 6,4%-ға дейін (2021 жылғы наурызда-5,6%) жеделдеді. Жеделдетудің негізгі факторы бензин бағасының өсуі болды, ол бір айда айтарлықтай өсім көрсетті – 6%.


Ақылы қызметтер бағасының жылдық өсуі 2021 жылғы сәуірде реттелетін коммуналдық қызметтер санатында өткен жылдың төмен базасы есебінен (2020 жылғы сәуірде тарифтер төтенше жағдай режимі жағдайында халықты қолдау шеңберінде төмендей бастады), сондай-ақ жекелеген нарықтық қызметтердің қымбаттауына байланысты 4,1%-ға (2021 жылғы наурызда-3,7%) дейін жеделдеді. Бағаның жылдық өсуінің жеделдеуі қоғамдық тамақтану қызметтеріне (6,6%-дан 7,8%-ға дейін), шаштараз қызметтеріне (7,1%-дан 8,1%-ға дейін), тұрғын үй-жайларды жөндеуге (7,3%-дан 7,7%-ға дейін) байқалды.

3-график. Азық-түлік емес инфляциясы



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

4-график. Ақылы қызметтер



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ